

Байқау

Сырдың ұлы перзенті

Елімізге танымал зерттеуші ғалым, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Тынышбек Дайрабайдың 80 жылдығына орай Жаңаталап ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен «Сырдың ұлы перзенті» атты өмірі мен шығармашылығына арналған аймақтық байқау өтті.

Қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, жалпы руханиятқа деген құштарлығы Сыр өңірінде ғұмыр кешкен ақын-жыраулар, батырлар мен би-шешендер, ел бастаған кесемдер мен көрнекті тұлғалардың өмірі мен шығармашылық жолына деген қызығушылықтың әсерімен Тынышбек ағамыз журналистік қызметін зерттеушілікке ұластырды. Осылайша өлкетану оның шығармашылығының бір бағыты іспетті қоғамдық қызметіне айналды. «Тоғанас батыр», «Сырдың сырлы сыры», «Сыр перзенттері», «Темірбек Жүргенов», «Қорқыт ата» энциклопедиясы, «Билер сөзі киелі», «Сыр елінің ескерткіштері», «Кете Шөмекей» және басқа да зерттеу еңбектері — қаламгердің тынымсыз еңбегінің жемісі.

Шара барысында тынымсыз ізденіс, еңбексүйшілік қасиеттерімен көпке ұлт болған Тынышбек ағамыздың өмірі мен шығармашылығынан жас жеткіншектерімізге көптеген мағлұмат берілді. Байқауға аймақтағы бірнеше білім ошағынан 6-7 сынып оқушылары қатысып, өзара бақ сынады. Олар қайраткердің өмір жолына тоқталып, өздері шығарған арнауларын мәнерлеп оқыды.

Әділқазылардың шешімімен I орынды Ә.Оңалбаев атындағы №117 орта мектептің 6 сынып оқушысы Дамир Амадық жөңі алды. Ал II орынды I.Қабылов атындағы №32 орта мектептің 7 сынып оқушысы Нұрслам Қонысбай мен №119 орта мектептің 6 сынып оқушысы Томирис Муса өзара бөлісті. Шалғайдағы Аққыр ауылында орналасқан №188 орта мектептің 7 сынып оқушысы Қарақат Әбдір мен №122 орта мектептің 5 сынып оқушысы Ақнұр Тұрақбай үздік үштікті түйіндеді. Шара соңында белсене қатысқан



оқырмандар арнайы алғыс хатпен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды.

Тынышбек Дайрабай 1943 жылы 12 ақпанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Мұнда «Бекбергеннің бес баласы» деген сөз кең тараған. Сол бес ағайынды кісінің қай-қайсысы да өнерге жақын, сөзге шешен, шежіреге аса жетік, беделді кісілер болған.

Әке сөзін жаттап, ізіне ерген Тынышбек Майлыбайұлы да өнерге құштар болған. Кеңес дәуірінде кино маңызды өнер саналған. Соның әсері болса керек, бозбала жігіт өзінің еңбек жолын ауыл клубында киномеханик болудан бастаған. Негізгі арманы журналист болу екен. Соның жетегімен КазҰУ-дың Журналистика факультетіне оқуға түседі. Еңбек жолын Тереңөзек аудандық «Еңбек туы» газетінде бөлім меңгерушісі болып бастайды. Кейін сауатты, тілге жүйрік, іске икемді азамат билікке де араласып, біршама жыл Тереңөзек аудандық атқару комитеті төрағасы қызметіне жоғарылап, әлеуметтік саланың дамуына еңбек сіңіреді. Жоғары партия мектебін бітіріп, шаруашылықта істеуді жөн көріп, партком хатшысы атанады. Кеңес жұмысына да араласады. Соның нәтижесінде аудан әкімінің орынбасары қызметін де абыроймен атқарды. Мамандығы журналист болғандықтан «Еңбек туы-на» редактор болып қайта оралады.

Тынышбек Дайрабайдың Алматы қаласына қоныс аударғанына да көп жылдың жүзі болды. Ол Халықаралық «Түркістан» газетінде бөлім меңгерушісі болып, жемісті еңбек өтті. Түрлі тақырыпқа, оның ішінде рухани құндылық мәселелеріне үзбей қалам тартқан. Осы ұжымда еңбек ете жүріп, «Құрмет» орденінің иегері атанды.

Зерттеушінің ел тарихын, оның ішінде Сыр өңірінен шыққан ахуң, жыраулардың, би-шешендердің бай мұраларын насихаттап, жарыққа шығару жолындағы қажырлы еңбегі елөңді.

Тынышбек Майлыбайұлының бүгінге дейін 30-ға тарта тарих және ақын-жыраулар жайлы кітабы жарық көрген. Кезінде олардың бәрі де оқырман тарапынан лайықты бағасын алды. Ол «Сыр өлі» энциклопедиясын шығарушылардың бірі болды. Сол секілді «Сырдария» кітапханасы сериясымен шыққан көптомдық кітапты шығаруға да үлес қосты.

Зерттеуші, қаламгер Тынышбек Дайрабай 80 жылдық өмір жолында бір институттың жұмысын атқарған қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. 1998 жылы Темірбек Қараұлы Жүргеновтың 100 жылдық мерейтойын өткізуге бастамашы болды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының және Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда

университетінің «Құрметті профессоры». Әлеуметтік ғылымдар академиясының «Құрметті академигі» Тынышбек Дайрабай — өзінің қажырлы еңбегі, маңдай төрі арқылы міне, осындай жоғары дәрежелі атақтарға ие болған тұлға.

Иә, рухани жан дүниесі бай адам ешқашан тоқырау, шаршау дегенді білмейді. Ізденген үстіне іздене түскенді жақсы көреді. Осынысымен ол бүгінгі жас ұрпаққа өнегелі жол, ғибратты үлгі көрсетіп жүр. «Ауылда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген аталы сөзге адал бол адам болса, ол — Тынышбек ағамыз.

Қазақ елінің, кең байтақ жерінің тарихы тым тереңде жатыр. Оның әлі ашылмаған тұстары да көп болуы мүмкін. Бұл бөрінен бұрын халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері — ақын, жырау, би, шешен, тағы басқа да өнер адамдарының асыл мұраларының зерттеліп зерделенуіне де аса қатысты екені даусыз. Бұл ретте ертеден осы саланың жогын тауып, барын мәзір етіп жүрген өлкетанушы, этнограф, зерттеуші ғалымдарға үлкен салмақты жүк, айрықша сенім артылып келгені белгілі. Ұзақ жылдардан бері көптеген ізденісті жұмыстарды тындырған тұлғаның бірі де бірегейі — Тынышбек Дайрабай ағамыз.

Нұрайым МЫРҚИЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің 2 курс студенті

Қабылдау

Сала ардагеріне құрмет көрсетті

Жалағаш ауданында өр салада қажырлы еңбек етіп, тәуелсіз мемлекеттің кемел келешегін қалыптастыруда өзіндік қолтаңбасын қалдырған азаматтар аз емес. Мұндай аға-апаларға қандай құрмет көрсетсек те артық етпейді. Керісінше өмір жолын кейінгі буынға насихаттап, жастарға үлгі еткен дұрыс. Себебі атпал азаматтардың өнегелі өмір жолынан тәлім алған өскелең ұрпақ соларға қарап бой түзейді. Күні кеше аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауданның ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары саласында ұзақ жылдар еңбек еткен бөлімнің бас маманы Бақытбек Сайфуллаұлын зейнеткерлік жасқа жетуімен құттықтап, сала ардагеріне құрмет көрсетті.



Қабылдауда Асқарбек Темірбекұлы ардагердің салаға серпін беруде атқарған еңбегіне ерекше тоқталып, өнегелі өмір жолы кейінгі буынға үлгі болатынын жеткізді.

— Ауыл шаруашылығы саласында, оның ішінде ауыл шаруашылығы техникаларын тіркеу және құжаттандыру жұмыстарын 10 жылдан бері мінсіз атқарып келе жатқан Бақытбек Сайфуллаұлының іскерлік және тәжірибелік ақыл-парасаты жастарға үлгі-өнеге болары анық. Ауыл шаруашылығы саласында қиындық туса да өзінің іскерлігі мен тәжірибесінің арқасында аудан шаруашылықтарымен бірлесе отырып, үлкен жұмыстар атқарды. Бұл бағытта Бақытбек Сайфуллаұлының табысты, нәтижелі еңбек еткенін жақсы білеміз, — деді аудан әкімі.

Бақытбек Сайфуллаұлын зейнеткерлікке шығуымен құттықтаған Асқарбек Темірбекұлы мерейтой иесіне алғыс хат табыстап, шапан жапты.

Айта кетейік, Бақытбек Сайфуллаұлы еңбек жолын 1977 жылы Колхозаралық құрылыс мекемесінде жұмысшы болып бастаған. 1978-1980 жылдары Кеңес әскері қатарында Отан алдындағы борышын өтеген. 1981-1984 жылдары Қызылорда политехникумының Механизация факультетін бітірген. 1984-1991 жылдары Жалағаш жүк автокөлік кәсіпорнында механик, №15 орта кәсіптік өндірістік училищесінде өндірістік оқу шебері, 1991-1999 жылдары Жалағаш агроөнеркәсіптік бірлестігінде инженер-инспектор, 1999-2012 жылдары «Юж-Нефтегаз» өндірістік бірлестігінде, «Харрикейн-Құмкөл мұнай» АҚ-да оператор, «Лиза», «Спецмашсервис» ЖШС-да инженер-механик қызметтерін абыроймен атқарған. 2012-2013 жылдары Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясында бас маман, инженер-инспектор, 2013 жылдан бастап осы уақытқа дейін аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінде бас маман қызметін атқарды.

Нұрайым МЫРҚИЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің 2 курс студенті

Сессия

Бюджет мақсатты игерілуі тиіс

АПТА БАСЫНДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 3 СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ОҒАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ ӨМІРЗАХ ЕЛЕУСІНОВ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АРНҰР НҰРМАҒАНБЕТОВ, АУЫЛ ӘКІМДЕРІ, СОНЫМЕН ҚАТАР МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ МЕН БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ. СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ЖАЛАҒАШ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 3 СЕССИЯСЫНЫҢ КҮН ТӨРТІБІНДЕ 5 МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «2023-2025 жылдарға арналған Жалағаш кентінің және ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова хабарлама жасап, аудан бюджетінің салаларға бағытталуы жайында кеңінен тарқатты.

2023 жылға кент, ауылдық округтер бюджетінің көлемі 2 596 009 теңге болып бекітілген. Оның ішінде кент, ауылдық округтердің өз кірістері 158 953 мың, бағытталған субвенция көлемі 1 593 570, жоғары тұрған органдардан бөлінген нысаналы трансферттер 843 486 мың теңгені құрайды. 2022 жылдың қорытындысымен кент, ауылдық округ бюджетінде 8071,8 мың теңге бос қалдық қалыптасқан. Негізінен кент, ауылдық округтер кірістерінің артық түскен түсімдері 6 091 мың теңге және нақты төлемнен қалған қаржы 1 852,7 республикалық бюджеттен 95,8 мың, облыстық бюджеттен 10 мың, аудандық бюджеттен 29,9 мың теңгені құрайды.

Жұпар Баймаханованың айтуынша, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексінің 104 бабына сәйкес, өткен қаржы жылында пайдаланылмаған трансферттер республикалық бюджетке 95,8 мың теңге, облыстық бюд-



жетке 10 мың теңге, аудандық бюджетке 29,9 мың теңге қайтарылған. Сондай-ақ кент, ауылдық округтерін нақтылау негізінен салық түсімдерінің есепті мерзімге артық орындалуы есебінен түсімдерін 14 373 мың теңгеге ұлғайту жоспарлануда. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген қаржыларынан 75 456 мың теңге қысқартылып, сәйкесінше бюджеттік бағдарламаларға қайта бағытталатын болса, 2022 жылдың қорытындысымен кент, ауылдық округ бюджетінде қалыптасқан бос қалдық есебінен 7851,4 мың теңге, барлығы 97680,4 мың теңге шығыстарына бағыттау жобалануда.

Содан кейін екінші, үшінші мәселелер бойынша «Жалағаш ауданының әкімдігі жанындағы Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы №22-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аудандық комиссия құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 наурыздағы №22-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудан әкімі

аппаратының басшысы Қайрат Жаппасбаевтың баяндамасы тыңдалды.

Сонымен қатар күн тәртібіндегі соңғы мәселелер бойынша, яғни «Жалағаш ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 ақпандағы №15-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы және «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қаңтардағы №36-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы тиісті қызметкерлер баяндама жасап, депутаттар талқысына ұсынылды.

Иә, аудан үшін маңызды мәселелер бойынша ұсыныстарды талқылап, сол бойынша бірауыздан оң шешім шығару асқан жауаптылықты қажет етеді. Мәслихат депутаттары күн тәртібіндегі мәселелердің маңыздылығын түсінесе керек, баяндама жасаушыларға қосымша сұрақтарын қойып, ұтымды шешім шығаруға ұмтылды. Осылайша сессия қорытындысымен күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты ұсыныстар қолдау тауып, шешім жобалары бір ауыздан бекітілді.

— Иә, бүгінгі сессия отырысының негізгі мәселесі кент және ауылдық округтер бюджеттеріне өзгерістер ен-

гізу туралы, нақтырақ айтсақ, кент және ауылдық елді мекендердің өз кірістерін ұлғайту жұмыстары аясында болды. Өздеріңіз білесіздер, елімізде 2020 жылға дейін 3 деңгейлі бюджет, яғни республикалық, облыстық аудандық болса, 2020 жылдан бастап 4 деңгейлі бюджет енгізілді. Нәтижесінде кент, ауылдық округ әкімдерінің өздерінің тиісті бюджетін дербес жоспарлап, мақсатты және тиімді игеруіне мүмкіндік берілді. Негізгі дербес бюджет кент, ауылдық округтердің салықтық, салықтық емес түсімдерінен қалыптасады. Бірақ талдау жүргізудің нәтижесінде бүгінде кент, ауылдық округтер бюджеті 3 млрд 81 млн теңгені құрайтын болса, оның 5-ақ пайызы түсімде қалыптасады екен. Бұл дегеніміз кент, ауылдық округтер әкімдерінің түсімдер бағытында жұмыстары әлі де төмен деңгейде екенін көрсетеді. Сондықтан жұмысты күшейтіміз керек, ең бірінші мақсат — бюджетті дұрыс жоспарлау, қаражатында тиімді және мақсатты игеру, — деді аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов.

Жандос ЖАЗКЕН

Антитеррор – 2023



ТЕРРОРИЗМ – ТАТУЛЫҒЫ МЕН БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІ КҮЙРЕТУГЕ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН БІРДЕН-БІР ЖАҢАҢДЫҚ МӘСЕЛЕ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНЕН АДАМЗАТҚА ТӨНЕТІН ҚАҰП КӨП.

Қазақстан терроризмді болдырмау және алдын алу мақсатында бірнеше заң қабылдады. Атап айтсақ, 1999 жылы 13 шілдеде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және 2005 жылы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңдары қабылданды. Бұл заңдарда экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері белгіленген, негізгі ұғымдық анықтамалар мен осы бағыттағы мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ осы саладағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидалары айқындалған.

Осы орайда кеше аудандық «Руханият» орталығының аумағында «Антитеррор – 2023» оқу-тактикалық жаттығуы өтті. Жаттығудың басты мақсаты – қауіп-қатердің, ұрыс алаңына барлау мен бақылау жүргізу жұмыстарымен қатар оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында дайындықты пысықтау.

Оқу-жаттығу барысында құзырлы органдардың оқиғаның алдын алу және салдарымен күресу кезіндегі өзара іс-әрекеттеріне ерекше мән берілді. Шара барысындағы әрекеттерден тұрғындарға урей туғызбас үшін арнайы дыбыс күшейткіш құралы арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ өрт сөндіру мен алғашқы көмек көрсету көлігі де көше қиылысына тоқтап, дабыл күтті. Терроризмге қарсы операция екі сағатқа созылды. Жаттығу қорытындысы бойынша арнайы топтың жедел әрекетінің нәтижесінде кепілге алынған азаматтар босатылып, қауіпсіз аймаққа көшірілді. Күдікті тұлғалар дер кезінде түгел құрықталды.

Бұл оқу-жаттығу тұрғындарға терроризмнің қауіп-қатерін түсіндірсе, құқық қорғау органы азаматтарына тәжірибелік сабақ болды. Біз Қазақстан азаматы ретінде осы террористік әрекеттердің алдын алуға өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің 2 курс студенті

3 ТАНЫМ

Тарих

Түркістан үшін от кешкен қайраткер

Саналы ғұмырын тек қазақ халқына емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін арнапалыс-күреспен өткізген Мұстафа Шоқайдың өнегелі өмірі әлем таныған тұлға, қайраткер ретінде елімен қайта қауышуда. М.Шоқайды кешегі кеңестік заманда кеңестік идеологияға қарсы, Ұлы державаға біріккен одақтан, түрік дүниесін, түрік тектес республикаларды бөліп, өз алдына дербес Ұлттық мемлекет құрушы, «Пантюркизмді» жоқтаушы қайраткер тұлға деп таныды. Ол осы өзіне танылған атағына сай мақсаты мен ұстанымын саяси күреспен ұштастырып, түркі тектес халықтардың егемендігі мен мақсат-мұратына жету үшін соңғы демі біткенше күресіп өтті.

Ол туралы әлемдік БАҚ құралдары кеңестік таталитарлық жүйе мен дүниеге қара түнек төңдірген фашизмге қарсы жүргізген саяси күресіндегі естеліктері мен еңбектерін жариялап, Қазақстан, Әз-бекстан, Кавказ елдері, Түркия, Германия, Франция т.б. елдердің мұрағаттарында сақталып, ғылыми тұрғыда зерттеліп, оң баға берілді. ҚРҰҚК мұрағатын айтпағанда, М.Шоқайдың құнды еңбектері, ол туралы деректер Париж, Германияның Кельн, Түркияның Стамбұл Грузияның және Оксфорд университеттері мұраға-тының алтын қорында сақталғанын біле-міз. Мұстафа Шоқай 1890 жылы қазіргі Қызылорда облысының Шиели ауданына қарасты Сұлутөбе станциясына жақын маңдағы Әулие Торанғыл (Наршоқы) деген жерде дүниеге келген. Патшалық Ресей отаршылдарының өктемдігі мен қиянатын көп көрген Шоқай еке ұлының білімді болуын армандап, Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебіне оқуға берелі.

Мұстафа бастауыш мектептен кейінгі білім жолын 1902 жылы Ташкент қаласын-дағы гимназияда жалғастырады. Ол оқу орнын бітіредіре бойын шовинизм дертіне-де болған, Генерал Губернатор Самсонов гимназияның алтын медалін қайдағы бір түземдіктің иеленіп кетуіне қия қоймайды. Оны орыс оқушысы білімі Мұстафадан төмен сынғыптасы Запроментовке беруді бұйырады. Бірақ ар-ұяттан аттамаған сынғыптасы алтын медалды алудан бас тарттады. Алтын медаль Шоқайға тиесілі екенін мойындайды.

Обалына не керек, гимназияның дирек-торы Гораменицкий де өз көзқарасында қалып, табандылық танытып, нәтиже-сінде Мұстафа алтын медаль алады, За-проментов күмісті қанағат тұтады. Мұстафа өсе келе орыс, түрік, ағылшын, француз және поляк тілдерін жетік меңгерген кө-рінеді. Орыс тіліне жетік Мұстафа гимна-зияда жүргенде-ақ жергілікті жұрттың Патшынның өкімшілік органдарына жазған арыз-шағымдарын аударып беріп, қанаты мен су сепкен қарлығаштай, халқына өзінің қолқабысын тигізеді.

Гимназияның бітіргеннен кейін сол тіл-маштық қызметке орналасып қана қоймай Петербург университетінің Заң факуль-тетіне оқуға түскен. Сол Петербургте жүр-генде саясатпен айналыса бастайды. 1914 жылы Әлихан Бөкейханов оны Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясына хатшы етіп орналастырады. «Арада революция болмағанда Мұстафа Шоқай бәлкім Мем-лекеттік думаға мүше болатын еді» дейді замандастары.

Түркістан өлкесінің Думаға өкіл жібе-руге құқығы болмағандықтан, халқының қамын ойлайтын зиялыларымыз болаша-ғынан көп үміт күтетін Мұстафа Шоқай-ды сол мәртебелі орынға Уфа уәлая-тының атынан өткізудің қамын жасайды. Уәлаяттың көмекшісі, Қазақ сұлтандары-ның бірі Сәлімгерей Жантерін өз иелі-гіндегі жерін сатып, М.Шоқайды Мемле-кеттік Думаға өткізбекші болған. Ол өзінің қабілет-қарымына сай білім алған. Сол білімі мен беделінің арқасында 1917 жыл-дың 28 қарашасында құрылған Ресей Фе-деративтік республикасы мен ынтымақ-ты Түркістан автономиялық Уақытша үкіметтің төрағасы болған. Тарихта ол құрылым бізге «Қоқан автономиясы» деген атпен белгілі. Мұстафа Шоқайдың идеясы осы құрылым негізінде бүкіл түркі тілдес елдердің басын қосып, Түркістан мемлекетін құру болатын. Қоқан автономиясы небары екі ай төрт күн өмір сүрді. Шоқайдың және оны жоқтау-шылардың түпкі мақсатын жақсы білген большевиктік үкіметтің мұздай қаруланған әскері жан-жақтан қыспаққа алып, сыртпен байланысты бөліп тастап, берілуді талап етті. Революциялық әскердің қолбасшысы М.Фрунзе бастаған тұрақты әскерлер қару-жарағы нашар, саны жағынан аз мұсылман жасақтарын зәбірлепкен атқылап, қаланың орнын төбешікке айналдырады. Қоқан үкі-меті бұн күнде құлайды. Жергілікті халық-тың ұлттың киімімен және сенімді кісілердің күшімен М.Шоқай аман қалып, Ташкентке жетеді.

Большевиктер Қоқан автономиясын Күш пен тарата отырып, жергілікті халық алдында өздерінің ұлттар төңдігіне қалай қарайтынын іс жүзінде көрсеткен еді. 1918 жылдың күзінде М.Шоқай аласапыран болып жатқан Ташкентте көп тұрақтамай, Орынборға жасырын түрде аттанады. Осы жерде сәл шегініс жасайық...

1916 жылы кетеріліс қазіргі Әзбекстанға қарасты Жизақ облысында да кең құлаш жайған болатын. Думаның мұсылман фракциясында жұмыс істеп жүрген Мұстафа Ташкент гимназиясында бірге оқы-ған және болашақ Уақытша Үкіметтің төрағасы Керенскиймен бірге Ташкентке комиссия мүшесі болып келеді. Керенский Жизаққа келгенде «Ал Мұстафа, кертеліс болған жерді көрсетпейсің бе маған?» дейді. Сонда Мұстафа «Керенский мырза, сіз турған төмнешік қаланың дәл ортасы еді. Қазір қалада үй қалмаған, орны ты-тыптыл болған» депті. Керенский «Апыр-ай, бұл не деген жауыздық?» деп қысылып қалған екен.

Осы аласапыранда Керенский Ташкен-тегі Еникеев деген қарт генералдың үйінде қонақ болады. Генералдың бір ұлы, сұлу қызы бар екен. Сұлу қыздың қасында ке-ремет бір сұлу келіншек жүреді. Ол Мұс-

тафаға арнап бірнеше ән шырқайды. Та-ныса келгенде Мұстафаның білгені ол кісі Ташкенттегі опера театрының әншісі Мария Горина екен. Мария Яковлевна – Мұстафаның сүйген жары. Саяси күрестегі сүйеніші тар жол, тайпақ көшудегі сенімді серігі, Мұстафаның еңбектерін жарыққа шығарушы, «Менің Мұстафам» деген тарихи естелік кітабын жазып, бізге қал-дырған кісі еді.

Мұстафа Шоқайдың Ташкенттен Орын-борға аттануын Шоқайды зерттеуші, жа-зушы Әкім Тарази өз естелігінде былай деп жазады: — Ташкентке өрең жеткен Мұстафа Мария Горинаны тауып алып, қала сыртындағы үйіне түнде келеді. Мария оны қуанып қарсы алып, іздеп жүрген қызылдардан жасырып, қаладан қалай алып кетудің жолын іздейді. Мария бұл кезде Түркістанда жараланған солдаттарға ерікті түрде көмектесіп, медбике болып жүргенде вокзалға барып, Петербургке жүретін пойыздың басшысымен келісіп, Мұстафаны жаралы солдаттардың ішіне кіргізеді. Бүкіл дөңесін дөкемен орап, жаралы солдат ретінде вагонға салып, алып келе жатады. Сұлутөбе станциясы-на жақындаған кезде Мұстафа мазасызда-нып, Марияға «Қол-аяғымды шешіп, ең болмаса бір сәтке терезеге алып баршы» деп өтініш жасайды. Бақытына қарай жай-шылықта тоқтамайтын пойыз Сұлутөбеде тұрып қалады.

Мұстафа шыдай алмай киімін киіп жерге түседі. Сол арада жақын бір жегесі кездеседі. Мұстафа шошып кетіп, вагонға қайта кірмекші болғанда жегесі жүріп келіп, бас салып құшақтайды. Қасында еріп жүрген 6-7 жасар балаға «Мынау сенің көкең, Мұстафа» дейді. Мұстафа баланы тік көтеріп, маңдайынан сүйеді. «Үлкен азамат бол» деп батасын береді.

Осы жолдардың авторының қайын-жұрты Шоқайларға аталас Қыпшақтың бошай руынан болатын. ҰОС ардагері, атам тірі кезінде «Көкелеріміз Шоқайдың отбасымен аралас-құралас болған кісілер еді. Әкем айтып отыратын «Шоқайдың Мұстафа деген баласы көп оқыған ұлық болатын. Сол бауырымыз төңкеріс жылдары Ташкенттен Батысқа өтіп бара жатқанда қай жылы екенін білмеймін, күз айында Сұлутөбеде тоқтап, халықпен кездесіп, қоштасып кеткен» деген еді.

Мұстафа Каспий теңізі арқылы Әзербайжанға, одан кейін Грузияға өтеді. Осы елде әйелі Мариямен кездесіп, сондағы ескі достары арқылы біраз тұрақтайды. Тбилисиде М.Шоқай бұрын Петербургта танысқан Грузия саяси басшыларының ыстық құшағында шынайы ықыласымен болған. Бұл жерде ол Украина Ұлттық көтеріліс өкілдерімен Түркістан Украина бірлестігі туралы шартқа қол қояды. Түркі-стан ұлттық үкіметі мен ұлттық қоғамының атынан Версаль конференциясына алғаш дайындалған іс-қағаздарын да осы жерден жөнелтеді. Ескі поляк достарымен алғашқы байланыс жұмыстарын осы Грузияда жасады.

Солтүстік Кавказдың танымал тұлғасы Ахмет би Целикатимен бірге «Ал рубже» журналын осы жерде шығара бастады. Осы уақытта Тбилиси қаласында Түркі-Ислам қауымы шығарып жатқан «Шефақ» (Шапақ) газетінің де бас редакторлығын қоса атқарды. Осы кезде Кавказ мем-лекеттері де бірінен соң бірі большевик Ресейдің қол астына кіріп жатты. М.Шоқай да Еуропаға өту үшін Ыстамбұлға келеді. Мұстафа Ыстамбұлдағы көргендері мен Түркия жағдайындағы дүшпандарының ойларын, Түркістандағы Кеңес үкіметінің үстемдігі мен халықтың басынан өткен қайғы-қасіретін ашық түрде әшкерелеп жазып отырды.

Бұл жергілікті билікке ұнамады. Сон-дықтан М.Шоқай Еуропаға, әуелі Герма-нияда, кейін Францияға өтіп, Париждің Нотан-сюр-марн қаласына тұрақтаған. Еуропаға барған Шоқай өте ауыр жағдайда өмір сүрді. Жат ел басқа салт-дестүр, өзге тіл Париж орыс эмигранттарының шоғырланған жерлері болатын. Олар Ресейден өздерімен бірге мол қаржы, құнды дүниелерді ала келген еді. Олар осы қаржыларын Ресейге, большевиктерге қарсы саяси-идеологиялық диверсиялық жұмыстар жасауға пайдаланады. Орыс эмигранттарының «Ресейді азат ету қо-ғамы» оның тұрақты құрылтайшылары жұмыс істеді. Мұндай пәрменді қоғамдар-дың басында Керенский, Милюковтар, ақ эмигрант генералдар, бұрынғы Ресейдің өнер кесіп иелері, ақ сүйек элиталары тұрды. Оларға большевиктік диктатураға қарсы күресу үшін еуропалық орта, еуропалық күрес құралы, тәжірибе әдістер қажет болды. Олар өз мақсаттарына білімді де саясаткер, лингвист, бірнеше тілді еркін білетін, саяси күрестерде ысылған Мұстафа Шоқай сияқты тұлғаларды өз жағына тартуға әрекеттенді.

Керенский сол тұста «Дни Милюков», «Последние новости» газеттерін шыға-рып тұрды. Олар газет жұмысына ал-ғашқы уақытта Мұстафаны да тартты. Бірақ Мұстафаға Түркістандағы больше-виктердің іс-әрекеті сияқты оны дворян-дардың бұл жақтағы іс-әрекеттері ұна-мады. Сондықтан М.Шоқай 1923 жылы бұл баспасөздерден байланысын үзеді.

Мұстафа Шоқайдың Парижге келудегі түпкі мақсаты Отаны Түркістанның азат-



тығы үшін күреске атсалысу еді. Түркі-станда болып жатқан большевиктік эк-сперементті, жан-жақты, терең ғылыми талдау жасап, оны еркін баспасөзге жа-риялау арқылы іске асыру еді. Мұндай міндетті қажет жағдайда іске асыруға оның тәжірибесі де, білімі де жететін.

Мемлекеттік думадағы хатшылық қыз-меті. Ташкентте жарық көрген «Бірлік туы» газетінің редакторлық жұмысы. Гру-зиядағы «Вольный Горец», «Борьба» газеттеріндегі тіпшілік, «Нарубеже» жур-налындағы бас редакторлық қызметтері оған мол тәжірибе жинауға мүмкіндік берген болатын. М.Шоқай баспасөз арқы-лы Кеңестер одағында, соның ішінде өзінің Отаны Түркістанда еркін ойдың тарыла түскенін, большевиктердің өктемділігін, Түркістандағы мұсылман халықтарына жасалып жатқан мемлекеттік құрылым-дардың қиянаты мен саяси бағытын 1927 жылдан бастап, Ыстамбұлда башқұрттың белгілі қайраткері Заки Валидидің реда-кторлығымен шыға бастаған «Жаңа Түркі-стан» журналында кеңінен жариялап отырды. Кейін өзі бас редакторлық жасаған 20-30 жылдары, яғни бұл екі он жылдықты Түркістанда кеңестік биліктің іске асып жатқан жер-сү реформалары, байлар меншігін төркілеу, ұйымдастырудағы жар-тыл көшпелі халықтың ашаршылыққа ұшырап қырылуының және қазақ зиялы-ларының басына төнген зұламаттың се-беб-салдарын дүние жүзі халықтарына баспасөз арқылы өзінің саяси күрестегі бағыт-бағдарын жариялап отырды. Бұл жана күш арада бастаған тоталитарлық режим мен Сталинге Мұстафа Шоқайдың сыны өте жайсыз тиді. Олар бұл сын батыста және Кеңес одағының өзінде Со-циалистік құрылыс туралы Кеңестерге тиімсіз пікір туғызуы мүмкін деген қауіпте болды. Сондықтан Сталиндің насихат ма-шинасы 20-шы жылдардың орта тұсында Шоқаевқа қарсы жұмыс істей бастады.

Бұл істің басында И.Сталиннің өзі тұр-ды. 1920-1925 жылдары Ташкентте Алаш қайраткерлерінің басшылығымен шығып тұрған «Ақ жол» газеті Қазақстанда бо-лып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістерді, оның көлеңіз жақтарын өткір сынап жа-риялайтын Түркістан кеңістігіндегі бірде бір оппозициядағы басылым болатын. Газеттің осындай мақалалары батысқа М.Шоқай арқылы кейін таралып жатты. «Ақ жолдың» идеялық мазмұны мен ба-ғытын кеңестік құрылысқа қарсы, пияғы есебінде қабылдаған М.Сталин 1925 жы-лы 29 мамырда «Ақ жол» газетінің пози-циясына байланысты партияның Қазақ Өлкелік комитетінің бюросына арнайы хат жолдады.

И.Сталин «Ақ жол» сыны жәй сын емес, Кеңес шыңдығының М.Шоқай сияқ-ты оппоненттеріне көмектесетін зілді сын екенін баса айтып, мұндай сынга кеңес-тер еліңде орын болуға тиіс емес» деп көрсетті. Хатының соңында Алаштың ин-теллегенциясы идеологиялық ісіне тартуға үзілді-кесілді қарсылығын білдірді. Олай етпейнше Шоқаевтардың өз идеялары Қазақстанда Женіс табатыны ақиқатқа ай-налуы мүмкін деп қорытты.

Осы кезден бастап М.Шоқай Түркі-стандағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің Батыс Еуропадағы негізгі оппонентіне ай-налды. Ал өз ретінде Сталиндің Насихат машинасы Шоқайұлының жариялаған мақалаларын үзбей танысып және оған қарсы астырын күрес жүргізіп келді. Бұл әрекет М.Шоқай бақылық болған 1941 жылы желтоқсанның аяғына дейін созыл-ды. Мұстафа Шоқайдың Қазан төңке-рісі өкелген большевиктік қоғамның, өз мүддесі мен мақсатын қорғап қалудағы пролетарлық диктаторының ештеңеден тайынбай халықты және олардың зиялы-көш басшыларын ерте ме, кеш пе қыр-ғыға ұшырататынын, олардың көздерін жоятынын жақсы білді.

Ол елде қалып, Отандастары сияқты кеңестік машинаның құрбаны болудан бас тартып, саяси-күресін сыртта жалғастыруын мақсат етті. Біз бүгінгі саяси азаттық алған заманда халқымыз үшін өте ауыр болған 20-шы жылдардағы өз мақсаттары үшін саяси күрес жолына түскен М.Шоқай, бұрынғы Башқұрт Республикасының бас-шысы Заки Валиди, татар қайраткері Юсуп Ақчұра, Садри Мақсуди және Гаяз Исхаки сияқты қайраткерлерге түсіністікпен қа-былдап, баспана және қол үшін берген еуропалық демократияға ризашылдық білдіруіміз керек. Еуропаға ығысқан түр-кістандық эмигранттар Кеңес одағынан Еуропаға түрлі ұлт зиялылары 20-шы жылдары Варшавада «Сіздің және біздің азаттығымыз үшін» деген одақ ұранымен Сталиндік режимге қарсы «Прометей» көзқарастағы Поляк маршалы Пильсудский қолдау жасады. 1929 жылы Варшавадағы Жығыстану институты Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясатын талдауға ар-налған конференция өткізді. Бұл кон-ференцияда М.Шоқай Кеңес үкіметінің Түркістандағы отаршыл саясатын талдап баяндама жасады. М.Шоқай және басқа Түркістандық эмигранттарды тыңдауға мұнда Мәскеуден арнайы құрамда КСРО Сыртқы істер министрлігі шығыс бөлімі-нің басшысы генерал Глушко және рес-ми әскери адамдар бар делегация келді, осыдан кейін ОГПУ М.Шоқай мен Алаш

қайраткерлерінің артына шам ала түсті. 1927-1930 және 1932 жылдары екі дүркін Алаш қозғалысының жетекшілері тұтқын-далды. Осы екі сот процесінде де Алаш зиялылары Мұстафа Шоқайұлы жөнінде ешқандай ғайбат пікірге бармады, оның ұлт-азаттық қозғалысқа арнаған орнын өзара тура түсініп, жоғары бағалады.

Кеңес одағына қарсы соғыс жария-лаған күні немістер Парижде тұрып жатқан үш жүзге жуық Ресейден келген эмигрантты тұтқындар лагеріне айналған Компьен орманындағы қорғанға қамады. Ағылшындардың арнайы қызметіндегі «агенттік» деп Мұстафа Шоқайды да қамады. Германияның фашистік наси-хаттың машинасы М.Шоқайды өз жағына тартып, соғыс тұтқындары арасында ан-тикеңестік идеологияны үлгітеуге пайда-лануға бар күшін салды.

Түркістан дүниесіне, оның ішінде тұ-тас Түркістанға есімі таныс М.Шоқайға жау жеңіске жету үшін барлық құйтырқы әрекеттерге барды. Бірақ Мұстафа Шоқай большевиктік Кеңес үкіметіне қарсы болғанымен фашизм Мұстафаны өз мақ-сатына көндіре алмады. Тәжірибелі сая-саткер, фашизмнің түпкі мақсаты мен жасап жатқан іс-әрекетін жақсы білді. М.Шоқайдың білім деңгейі, мәдениеті, ой-өрісі, уақыт пен болашақты болжай білетіні оны мұндай әрекеттерге баруына жол бермеді. Ол өз кезімен фашизмнің соғыс тұтқындарына жасап жатқан шектен шыққан азаптарын көрді.

1941 жылдың қараша-желтоқсан ай-ларында барлық тұтқын лагерлерінде, әсіресе түркістандықтар мен мұсылмандар шоғырланған Простекан, Суwalka, Дева, Девика, Поленген лагерлерінде болып тұт-қындалған Кеңес жауынгерлерінің азапты өмірімен танысады. Мұстафа Шоқайдың әйелі Мария Горинаның естелінде «Мұс-тафа аяға жуық соғыс тұтқындарының лагерлерін аралап, ондағы адам теңсізсіз жағдайлар мен танысты. «Мен өрі көткенде бір айдан кейін қайтып келемін» деді. Өкінішке орай Мұстафа үйге оралмады. Тек қараша айының орта шенінде жолы түскен бейтаныс біреуден хат беріп жіберді. Онда ол көңіл-күйін жасырмай «Түркістандық тұтқындармен кездесуім көп нәрсені өзгертті. Жазғандарымда жанылмалпын. Тұтқындар арасында туыс-қанымы да тауып алдым. Үйге келген соң қасыма алуға тырысамын. Менің жоғары орындарға жазған хатым жақсы әсер ет-кен сияқты. Жұмыс көп, жалғыз өзім бәріне үлгере алмаймын, көмекші керек» деді. Ол қайткен күнде де түркістандық тұт-қындардың өмірін қырылудан сақтап қалуды ойлады. Кейінгі хаттарында соғыс тұтқындарының көрген азабы мен жа-наярлық халдерін баяндап «Бұл бишара жазықсыз жандар қорлық көшуде сәл нәрсеге жазықты болып, ату жазасына кесіліп жатыр» деді. Тағы бір хатында «Лагерде тұтқындар арасында кісіжөушілік басталды. Аштықтан өлген кісілердің жүрегі мен өкпесін жөуге кірісті. Сақырпаған аязда тұтқындар жаңбыр мен қардан қорғану үшін қолдарымен шұңқыр қазып жатыр» деп жазды. Оларға көмектесе алмай әбден қиналып, қатты қайғырғаны байқалады. Хаттарының бірінде 35 мұсылман тұтқын-ның сүндеттелгені болғаны үшін еврейлер ретінде өлімге кесілген жерінен зорға құт-қарып қалғанын өңгімелейді.

Соңғы хатында немістердің билік ба-сындағыларға арнап «Сіздер, немістер өздеріңізді «Еуропадағы ең мәдениетті адамдармыз» деп айтасыздар. Егер Сіз-дердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүр-генім болса, онда мен сіздерге де тұт-қындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін. Сіздер XX ғасырда өмір сүріп, ХІІІ ғасырдағы Шыңғыс ханның жасаған зұлымдығынан асып түстіңіздер. Мәде-ниетті халық көңелдеріңізді айтуларыңызға хақыларыңыз жоқ.

Бұл хатты М.Шоқай СС Неміс офице-ріне табыс еткен. Ол хатты оқып шығып: – Пікіріңізді өте тура айтыпсыз, бұл артық-тау емес пе, – деп сұрайды.

– Егер сіздер осыған байланысты маған ату немесе асу жазасын берсеңіздер де қарсылығым жоқ. Мұндай мәдени қо-ғамда өмір сүргеннен өлгенім артық. Бұл қорқынышты жағдайдан соң тіпті өмір сүр-гім келмейді, – дейді ол.

Осыдан кейін неміс басқыншылары Мұстафа Шоқайдың өзін емес, атын атауды жөн көрмеген сияқты. Олар мақ-сатына жету үшін эмигранттардың бірі Вали Каюмовқа тоқтаған. Ал М.Шоқай тұтқындар арасында сүзек ауруы өршіп тұрғанына қарамастан лагерлерді аралап, отандастармен кездесуін тоқтатпады. Соңында сүзекпен ауырып, Берлин ауру-ханасына түсіп, есін жиыстанан 1941 жыл-дың 27 желтоқсанында өмірден өтті.

М.Шоқайдың өлімі туралы түрлі бол-жам бар. Ол туралы әңгіме басқа. Со-нымен «Мұстафа Шоқай кім?» десек, ол өз заманында Түркістанда орнаған Кеңес билігінің отаршыл саясатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күрескен фашизмге қарсы, «Еліңді жау ысқа, қо-сыла шаппа» деген қағидады берік ұстаған ХХ ғасырдағы Түрік дүниесінің қайраткері деп білеміз.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Мемлекеттік тіркеу қалай жүргізіледі?

Сәбидың туылуы – әр отбасындағы маңызды және қуанышты сәт. Баланың туылуын мемлекеттік тіркеу ата-анасының не олардың біреуінің қалауы бойынша ҚР аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүргізіледі. Егер ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаса (ерлі-зайыпты болмаса), баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен бір мезгілде еке болуды анықтау туралы өтініш беріледі.



Тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасын-да баланың туылған жері деп баланың тууын мем-лекеттік тіркеу кезінде қабылданған ҚР өкімшілік-аумақтық бірлігінің атауына сәйкес, баланың нақты туылған жерінің атауы көрсетіледі. Экспедицияларда және шалғай жерлерде, сондай-ақ анасы теңіз, өзен, әуе кемесінде немесе пойызда болған кезде туылған баланың туылған жері деп баланың тууын мемлекеттік тіркеу жүргізілетін өкімшілік-аумақтық бірлік көрсетіледі.

ҚР шегінен тыс жерде туылған баланың туыл-ған жері деп баланың нақты туылған жерінің атауы көрсетіледі. ҚР шегінен тыс жерде туылған ба-ланың тууын мемлекеттік тіркеу ҚР шетелдегі меке-мелерінде не ата-анасының немесе олардың біреуі-нің қалауы бойынша ҚР аумағындағы кез келген тіркеуші органда шетелдік тіркеуші органдарда тіркелгеніне қарамастан туу туралы куәліктің түп-нұсқасын, туу туралы акт жазбасының көшірмесін, туу туралы медициналық куәліктің түпнұсқасының бірін көрсеткен кезде осы Кодексте белгіленген мер-зімдерде жүргізіледі.

Баланың тууы туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мүдделі адамдар тіркеуші органдарға ол туған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс, ал бала өлі туған жағдайда, босанған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей меди-циналық ұйымның жауапты лауазымды адамы өтініш береді.

Бала ҚР-дан тыс жерде туған жағдайда баланың тууы туралы өтінішті оның ата-аналары не басқа да мүдделі адамдар Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оның туған күнінен бастап екі айдан кешіктірмей беруге тиіс. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қабылдауды тіркеуші орган, сондай-ақ «Электронды үкімет» порталы немесе қашықтан тіркеуге өтініш беруші мүмкіндік беретін проактивті қызмет ыңғайлы. Бұл формат азаматтарға SMS көмегімен ХҚКО-ға бар-май-ақ қызметті бірден рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Бұл қызметті пайдалану үшін мобильді азаматтар базасында тіркелген болуы тиіс. Бала туғаннан кейін бір тәулік ішінде ақпараттық жүйе медициналық мекемеден хабарлама алып, қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты көзең-кезеңімен сұратып, құттықтау SMS жібереді. Бұл қызмет бала туған сәттен бастап 3 күн ішінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтер түрлі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен тартылады, ал жетіспейтіндер баланың анасынан толтырудың қысқаша мысалдарын қамтитын SMS сұрау сәулелер арқылы сұратылады.

Туу туралы куәлік баланы тіркеу кезінде тегін бе-ріледі. Быыл 1 маусымға дейін аудан бойынша 255 туу туралы акт жазбасы тіркелді, барлық өтініштер электрондық үкіметтің веб-порталы немесе 90 па-йызы проактивті SMS арқылы берілді.

ЖОБА

**Жалағаш ауданында бөлшек салықтың
арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық
мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жалағаш ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі салық кезеңінде алынған (алынбау жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Лауазымы

Т.А.Ә

ПРОЕКТ

**О понижении размера ставки налогов при
применении специального налогового режима
розничного налога в Жалағашском районе**

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), Жалағашский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Понизить ставку корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Жалағашском районе с 4% на 2% по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2023 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность

Ф.И.О

Қуанса, бала қуансын



«Ақтерек» құшағын айқара ашты

Балалардың мектеп қабырғасындағы оқу уақыты аяқталып, үш ай демалысқа шыққалы бірнеше күн өтті. Барлық білім ошағы оқушыларды демалысқа шығарып салғаннан кейін, жаз бойы балалардың қауіпсіздігі, жалпы жауапкершілігі ата-аналардың өзіне жүктеледі. Ал ата-аналар осы тұста баласының жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалануды ойлайды. Оқу жылын аяқтап, сабақтан алаңсыз босаған балалардың смартфонға тәуелді болып қалуының да алдын алу бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуге болады. Ол үшін, әрине ата-ананың баламен етене жақын болуының маңызы зор. Ал жазғы тынығу лагерлерінің міндеті – балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді өткізу, мектептегі тәлім-тәрбиесін толықтыру, танымын кеңейтуге жұмыс істеу.

Ауданға қарасты «Ақтерек» сауықтыру лагері де жыл сайын балалардың балғын балалық шағының қызықты өтуіне жұмыс істеп келеді. Жалағаш кентінің іргесінде орналасқан лагерь жиырма жылдан астам уақыт бойы мектеп оқушыларына қызмет көрсетіп келеді. Орналасқан жері де көрікті, табиғаты өсем. «Ақтерек» биыл да балаларға құшағын айқара ашты. Салтанатты шараға қатысқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Ақтерек» сауықтыру лагеріндегі алғашқы маусымның ашылуымен құттықтады. – Біз – бар жақсымыз балаларға дейтін халықпыз. Біз сіздерге сенеміз, ертең елімізді өркендетіріне шығаратын да, ел басына күн туса,

елді, туған жерді қорғайтын да сіздер боласыздар. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз – бос уақыттарыңызды тиімді пайдаланып, саналы тәрбие, сапалы білім алу, есейіп, ержетіп, елге қызмет ету. Жазғы тынығу лагерінде сіздер демалып қана қоймайсыздар, жаңа достар табасыздар. Достық – ұлы ұғым, «Досы көпті жау алмас» – дейді бабаларымыз. Сол достарың арқылы өрістерің ұзарып, дүниетанымдарың кеңейеді. Достарың көп болса, еңсеге де биік болады.

Бар жақсылық – балаларға. Біз балалардың бүгінгі нұрлы өмірі, ертеңгі жарқын болашағы үшін қолымыздан келген жақсылықтың барлығын жасаймыз. Өйткені балалардың болашағы жарқын

болса, мемлекеттің де келешегі кемелдене түседі. Ал балалардың лагерде өтетін уақытының қызықты, тағылымды болуы тәрбиешілердің педагогикалық біліктілігіне және әрбір сәтті қызықты етіп ұйымдастыру шеберлігіне тікелей байланысты. Өйткені балалардың лагерден тек бойы ғана өспей, ойы да өсіп, есейіп қайтуы керек, – деді аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы.

Айта кету керек, «Ақтерек» лагері 1999 жылы асар әдісімен салынған. Содан бері 80 орындық лагерь жылда 6 ауысыммен жұмыс істеп келе жатыр. Қазір лагерьде 4 жатын ғимарат, 1 асхана, 1 медициналық бөлімше, 1 спорт алаңы және 1 бассейн бар. Мұнда оқушылардың жазғы

демалысын қызықты өткізу үшін барлық мүмкіндік қарастырылған.

Жалпы, тынығу лагерлерінің өз тәртібі, ережесі бар. Тынығушылар мұндағы әр күнін сол тәртіпке сәйкес өткізеді. Танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады. Одан бөлек бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Сонымен бірге лагерьде сурет, қолөнер, робототехника, полиглот және өрт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді.

– Иә, бала қуанса, әлем қуанады. Олардың қуаныштан бал-бұл жаңған жүздерін көру үшін қандай еңбектің де артығы жоқ. Өйткені бала бауыр етің, жүрегіңнің бөлшегі, көңілдің нұры, көздің қуанышы, өміріңнің

жапғасы деп білетін қазақпыз. Жүзі басқа, жүрегі бір, мынау дүниені тек жақсылықтан тұратын кішкене жүрек көзімен көретін бүлдіршіндер – өмірдің мәні. Осы жаннан артық, балдан тәтті перзентімізді салиқалы ұрпақ етіп тәрбиелеу – ата-ананың міндеті.

Тәрбиенің өзегі – бала бойына адамгершілік пен рухани құндылықты сіңіру. Құнды қасиеттерді бойына сіңіру, рухани дүниесі жетілген адамды қалыптастыру туған ке-

зінен басталуы керек дейді халық даналығы. Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оған көмектес алмайсың. Баланы тәрбиелеу де осы секілді, ерте жастан басталса, жемісін береді. Ал балаға тәлімді тәрбие беруде осындай жазғы лагерлердің қосар үлесі зор. Өйткені мұнда балалар тек тынығып қана қоймайды, ортамен араласады, көпшіл болуды үйренеді, өздеріне қызмет көрсетуге қалыптасады, – дейді ата-ана Л.Сай мағанбетова.

Жалпы, биылғы маусымда «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 6 ауысымда 442 бала, мектеп жанындағы

күндізгі тынығу лагерлерінде 2028 бала, облыстан тыс лагерлерде 150 баланы демалдыру жоспарланып отыр. Бүгінде аудан кәсіпкерлері мен демеушілердің есебінен 170 бала Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне жіберілді. Сондай-ақ 2000-ға жуық бала Түркістан қаласы мен Қорқыт ата мемориалды кесенесіне тарихи-танымдық экскурсияға шығатын болады.

Лагерьдің ашылу салтанатына арналған мерекелік шарадан соң аудан әкімі лагерь асханасымен және жатын орындарымен танысып, сала басыларына тынығушыларға үнемі қолайлы жағдай жасалып, тазалық пен жайылылықты ұйымдастыруды тапсырды. Ал көптен күткен салтанатты шараға жиылған жұрт пен тынығушыларға арнап аудан өнерпаздары, жас өрендер ән айтып, күй текті. Сонымен бірге бүлдіршіндер өртегі қойылымдарын қойды. Жазғы лагерьге арнайы сыйлықтарымен келген аудан басшылығы мен аудан кәсіпкерлеріне бүлдіршіндер шынайы алғысын білдірді.

Нұржамила АЛПАСҚЫЗЫ

Мезгіл мәселесі



Қауіпсіздік ережелері қаперде болсын

Жыл сайын суға түсу маусымы кезеңінде су айдындарында, әсіресе Сырдария өзенінде азаматтардың өртүрлі себептермен суда қаза болу жағдайлары тіркеледі. Соңғы жылдардағы тіркелген жағдайларға зер салсақ, арты қайғылы оқиғамен аяқталғаны аз емес. Әсіресе сегіз адамның өмірін жалмаған тілсіз жаудың зардабынан 2017 жылғы оқиғаны айтпай кете алмаймыз. Дал осы жылғы жазатайым оқиғадан қайтыс болғандардың екеуі – бала. 2018 жылы екі адам ажал құша, оның біреуі – бала, 2019 жылы бір адам, 2020 жылы тағы да бір адам суға кеткен. Ал 2021 жылы тілсіз жау екі адамның өмірін жалмаған. Жазатайым оқиғаның құрбаны болып жатқандар да кездеседі. Қазір суға түсу маусымы басталды. Сондықтан тұрғындар суға түсуге рұқсат етілмеген аймаққа бармау, қауіпсіздік ережелерін үнемі назарда ұстауы тиіс. Осы ретте аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны Темірлан Тілеубергенмен аудан аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы әңгімелестік.

– Темірлан Бекзадаұлы, алдымен ауданда төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсаңыз...

– Жалпы, Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімі азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, оның ішінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, аудан аумағында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, төтенше жағдай аймағында халыққа көмек көрсетуді жүзеге асырады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі жұмысының басты бағытының бірі – ауданда қандай болса да төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында профилактикалық іс-шаралар жұмысын жүргізу. Осыған байланысты жазғы демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша да жүзегі жұмыстар атқарылды. Осы жылдың мамыр айынан бастап аудан халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су айдындарына күнделікті сағат 15:00-ден

21:00-ге дейін кестеге сәйкес кезекшілік қойылды. Сонымен бірге суға түсу маусымында орын алатын оқиға оқиғалардың алдын алу бойынша кент орталығында орналасқан жабық бассейнге және білім бөліміне қарасты «Ақтерек» сауықтыру лагерінің суға түсу орындарын бақылау жұмыстары жүргізілді. Жергілікті полиция қызметінің қатысуымен де бірнеше рет түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

– Қазір суға түсу маусымы басталды. Осы тұста маман ретінде тұрғындарға қандай кеңес бересіз?

– Қауіптің беті ары болсын дейміз. Алайда қауіпсіздік шараларын сақтау тек өз өмірімізді сақтаудың тетігі екенін түсінуіміз керек. Өйткені орын алған оқиғалардың барлығы қамсыздықтың салдарынан. Азаматтар мен жасөспірім балалар су айдындарының көз көлген жерлеріне суға түсе береді, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Көп жағдайда жасөспірімдердің, балалардың үлкендердің қарауынсыз су айдындарының жағалауына баруы салдарынан оқиғалардың құрбаны болып жатады. Бұл ретте

жазғы демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Оқушылар жазғы демалысқа шығар алдында да мектеп директорларының бақылауымен суға түсу маусымындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз бетінше су айдындарына бармау секілді ескертпелердің жан-жақты түсіндірілуі де аса маңызды.

– Аудан аумағында суға түсуге арналған орындар бар ма?

– Айта кетейік, аудан аумағында ресми түрде белгіленген, рұқсат етілген суға шомылатын орындар жоқ. Белгіленген суға түсу орындарының болмауынан азаматтардың суға түсу маусымында көп шомылатын орындары нақтыланып, бақылауға алынған. Көбіне тұрғындар Әйтек, Елтай, Ізбай каналы, Иіркөл, Асар-Төбе көлдері мен Сырдария өзеніне шомылады. Ол орындарда ересектермен қатар жасөспірімдер, балалар да бой көрсетеді. Әкімшісті, суға түсу ережелеріне салғырт қарайтындар суға түспес бұрын денені шынықтыру, қызыру керек екенін естен шығарып жатады. Осының

салдарынан аяқ-қол тамырларының тартылып қалуы жиі кездеседі. Сондықтан судағы апаттан қорғандық ең сенімді жолы суда шомылу ережелерін мұқият сақтау, оны қатаң сақтау болып табылады.

– Тілсіз жаудың бірі – өрт. Жаз мезгілінде де оның салдарынан төтенше жағдайлар көптеп орын алып жатады. Бұған дейін өрт салдарынан қанша төтенше жағдай тіркелді?

– Жаз – өрт қауіпінің күшейетін кезі. Тілсіз жаудың адам мен орын таңдамайтыны белгілі. Ата-бабаларымыз «жети жұттың» біріне санаған өрт алатын шындығында тілсіз жау деуге тұрарлық. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі де арта түседі. Аптап ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы зор. Өрттің көбі орман қорына көршілес орналасқан шаруа қожалықтар және ауыл шаруашылығы ұйымдарына тиесілі шабындықтарда өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан орын алып жатады. Сондай-ақ табиғат аясында демалушылар мен тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орны толмас оқиғаларға ұрындырады.

Өрттің де, судың да артында адамның тағдыры тұр. Әсіресе жаз мезгілінде өрттің өршілтіні бесенеден белгілі. Шөптердің жаныуы далада жатқан шыны, сынық өйнектердің қызуы, көл бойындағы автокөліктерден лақтырып кеткен өшірілмеген темекі тұқылдары, найзағай, шөп ору жұмыстарына қатысатын тракторлар мен агрегаттардың

жарамды шоқ өшірігішпен жабдықталмауы да себеп болуы ықтимал.

Жалпы, өткен жылы тұрғын үйлерде 30, автокөліктерде 5, ормандар мен далаларда 7, нысандарда 1 өрт жағдайы тіркелді. Оның ішінде өрттен қаза тапқандар жоқ, жарақат алғандар – 4-еу. Ал биыл 5 айда ауданда 73 хабарлама тіркелсе, оның ішінде 28-і өрт оқиғасы, 25-і өртке жатпайтын жану оқиғасы, 1 жол-көлік оқиғасы, 19 басқа да төтенше жағдай тіркелді. Жыл басынан бері өрттен қаза тапқандар, жарақат алғандар жоқ.

Жылу беру маусымы кезінде бөлім қызметкерлері аудандағы білім беру нысандарында «Тұрмыстық өрттердің себебі мен өрт қауіпсіздік ережелері туралы», «Көмір-қышқыл газынан сақтану», «Балаларды бақылаусыз қалдырмау», «Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі» мен «Шырпы балаларға ойыншық емес» тақырыбында сабақ өткізді. Мұнан бөлек орман және дала өрттерінің алдын алу бағытында бірқатар жұмыс жүргізілді.

– Сөз соңында тұрғындарға қандай кеңес бересіз?

– Қарап отырсақ, атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан жыл сайын аудан аумағында орын алатын оқиға оқиғалар азаймай тұр. Қысқасы, қамсыздық қайғыға душар етпесін десек, жауапкершіліктің басым көпшілігін арқаалаған ата-аналар да, тұрғындар да бұдан да сақ болуы керек, біз де оң нәтижеге жұмыс жасауды тоқтатпаймыз. Ал аудан тұрғындары үшін аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары адам өмірінен артық құндылық жоқ екенін, сондықтан суға түскен кезде қарапайым ережелерді сақтау керектігін айтамыз. Сонда ғана тілсіз жаудың қауіп-қатерінен аман қалуға болады.

Н.АЛПАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас редактор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 916

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru Кезекші редактор: Нұржамила АЛПАСҚЫЗЫ